

Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 17 шілдедегі "Павлодар облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 244/7 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 51/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 наурызда № 5020 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 245/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 16.08.2017 № 245/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 17 шілдедегі "Павлодар облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 244/7 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3908 болып тіркелген, 2014 жылғы 21 тамызда "Сарыарқа самалы", "Звезда Прииртышья" газеттерінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Павлодар облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде: 20-тармақта 7), 21) тармақшалар алынып тасталсын.

2. "Павлодар облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте: осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін; осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін; осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында

орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ғ.Қ. Сәдібековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК